Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Сарат ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналыс
ХАТТАМАСЫ

Сарат ауылы 20 қаңтар 2026 жыл
Қатысқандар саны – 8 адам
Шақырылған: ауылдық ардагерлер және жергілікті қоғамдық кеңес мүшелері.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

Сарат ауылдық округі Сарат ауылы көшелерін қардан тазарту жөнінде.

Тыңдалды: Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Сарат ауылдық округінің әкімі Жеткергенов Рахметолла Нахиулы хабарлама жасады.

Құрметті ауылдастар! Қазіргі уақытта Сарат ауылының қыс айланыда ауылішілік көше жолдарын қардан тазарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бір көзден сатып алуына байланысты жүргізіледі. Көшелерді тазалау механикаландырылған түрмен жүргізіледі. Бірінші кезекте жолдарда кептеліс болмауы үшін барлық жолдар тазартылады. Көшелердің жолын қардан ашу трактормен жүргізіледі. Қазіргі уақытта қардың көп жауына байланысты ауыл ішілік жолдарды қардан тазарту жұмыстарын күшейту қажет деп ойлаймын. Жолдарды тазарту үшін механикаландырылған қар тазалағыштарды тартуымыз керек. Сонымен қатар округ елді мекендерінің жолдарын қардан тазалауға 3 (үш) мердігер бағалық ұсыным беріп тұр. Екеуі аудан орталығы Т.Жүргенов ауылынан, біреуі Сарат ауылынан. Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 106-VIII Заңына сәйкес 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен келісім-шарт жіберу мүмкіндік болуына байланысты қажет деп ойлаймын

ШЫҒЫП СӨЙЛЕУШІЛЕР:

Кисиков Мырзабек - ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы – Ия, бүгін қаралған мәселе орынды, ауылдарымыздың көшелерін қардан тазату жұмыстары жүргені дұрыс. Қазіргі таңда үш мердігер түсіп тұрса, оның ішінде біреуі ауылымыздан болса, ауылымыздан түсіп тұрған мердігермен келісім шарт жасасқан дұрыс деп ойлаймын. Өйткені қар аяқ астынан жауса көшелерде қозғалыс қиындайды, сол кезде ауылдан шыққан мердігер жолдарды уақытылы тазартады. Аудан орталығынан келетін мердігер қашан келемін дегенше уақыт өтіп кетеді. Мен ұсынысты қолдаймын.

Жұмабек Сатқарбек – жергілікті қоғамдық кеңес төрағасы – округ ауылдарының көшелерін қардан тазарту басты мәселелердің бірі деп ойлаймын. Оның үстіне Сарат ауылының шетінде орналасқан су мұнараларына, электр станциясына жол ашу қыс айларында өте қиын. Өзіміздің ауылдан шыққан мердігер болса жолдарды дер кезінде ашып отырса, көлік қозғалысына, балалардың мектепке, балабақшаға баруына да өте жақсы болар еді.

Сарат ауылдық округі жергілікті қоғамдастық өкілдерінің жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ.**

1. Күн тәртібіндегі хабарламаны еске алып Сарат ауылдық округі елді мекендерінің көшелерін қардан ашу үшін бір көзден сатып алу мақұлдансын.

Жиналыс төрағасы **Жұмабек Сатқарбек Таңатбекұлы**

Хатшысы **Айдарханова Арайлым Умирбекқызы**